

8D09102 – Мал өнімінің санитариялық экологиялық қауіпсіздігі БББ түлегі
Күзеубаева Анар Сабырбайқызының PhD дәрежесін алу үшін
«Қазақстанда өндірілетін ірімшіктердің ішек таяқшаларымен ластануының
молекулалық индикация әдісін әзірлеу және тағам қауіпсіздігінің бағалауын
модельдеу» тақырыбында орындаған

диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

СЫН-ПІКІРІ

Қазіргі заманда адамзаттың тұрақты тіршілігін қалыптастыру үшін тағам қауіпсіздігі маңызды сала болып табылады. Мысалы, ірімшік өндірісі сүт өнеркәсібінің негізгі бөлігі ретінде қауіпсіздік пен сапа мәселелеріне ерекше назар аударуды талап етеді. Микробиологиялық тұрғыдан ірімшікті қауіпсіз деп саналады, алайда осы өнімді ластайтын *E. coli* патогендік штамдары әсерінен тағамдық инфекциялар әлемнің әртүрлі аймақтарында әлі де кездеседі. Сонымен қатар, *E. coli* штамдары антибиотиктерге төзімді болуы ықтимал және осы қасиетін басқа микроорганизмдерге беру қабілеті адам мен жануарлар микробиотасына әсер ететін бүгінгі күннің ең өзекті жаһандық проблемаға айналды.

Диссертанттың осы тақырыпты таңдау себебі – Қазақстанда өндірілген ірімшіктердің ішек таяқшаларымен ластану қаупі жеткілікті түрде зерттелінбеген. Сондықтан осы жұмыстың міндеттері ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан ірімшіктің колиформды бактериялармен ластануының, динамикалық қасиеттерін анықтау, эпидемиологиялық сипаттамалары, патогенді штамдардың молекулалық көрсеткіштерін және олардың антибиотиктерге төзімділігін зерттеу маңызды деп бағалауға болады.

Осыған байланысты Күзеубаева Анар Сабырбаевнаның диссертациялық жұмысы отандық ірімшіктің ішек таяқшаларымен ластануын және оның ветеринариялық-санитарлық ерекшеліктерін азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан заманауи әдістермен бағалауға негізделген. Автордың ғылыми-зерттеу жұмыстары заманауи зерттеу әдістерді пайдаланып, жеткілікті материал негізінде жеке қатысуы арқылы орындалды.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған нысаналы бағдарламалық қаржыландырудың BR10764944 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аналитикалық бақылау әдістерін әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Диссертациялық материал елдің әртүрлі аймақтарында өндірілетін ірімшіктерден бөлінген *E. coli* изоляттарына микробиологиялық сараптама, молекулалық-генетикалық сипаттама және антибиотиктерге төзімділік профильдерін бағалау арқылы тағам қауіпсіздігін зерттеу үшін маңызды ақпарат береді. Атап айтқанда, диссертанттың ірімшік үлгілерінде *E. coli* O157:H7 патогенді штамын Орталық Азияда бірінші рет анықтауы сүт өнімдерінің нәтижесі ластану қаупін көрсететін маңызды жаңалық деп атауға

болады. Диссертациялық жұмыста ветеринариялық санитария саласында тұңғыш рет Қазақстан нарығында сатылатын отандық ірімшік өнімдерінің әртүрлі колиформалар түрлерімен ластануының эпидемиялық ерекшеліктерін РСА әдісімен модельдеу тағам қауіпсіздігі саласында жұмыстың заманауи және қазіргі талаптарға сай екендігін дәлелдейді. Сондықтан, диссертацияның жалпы теориялық және практикалық маңыздылығы күмән тудырмайды. Ал ғылыми жұмыстың барлық бөлімдері өзара байланысты және алынған нәтижелер мен ұсыныстар зерттеушінің диссертацияда қойған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Сонымен, А.С.Күзеубаева барлық қойылған зерттеу міндеттерін шешті, ал диссертанттың *E. coli* патогенді штамдарын анықтауды қамтамасыз ететін мультитиплексті ПТР-ны жетілдірілуін өте маңызды нәтиже деп бағалаймыз.

Диссертациялық жұмыстың теориялық негіздері мен нәтижелері университеттің «Ветеринариялық қауіпсіздік» БББ «Жедел инфекциялар кезінде жануарлардың денсаулығын қорғау» пәнінен дәрістер, практикалық және зертханалық сабақтарына енгізілген.

Анар Сабырбайқызы жұмысты орындау барысында 10 ғылыми жұмыс жариялады, оның ішінде: үш мақала – ҚР ЖББФМ Білім беру және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі журналдарда; екі мақала – Scopus және WoS деректер қоры журналында; 7 тезис – халықаралық конференциялар жинақтарында басылды. Жүргізілген зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының авторлық куәлігімен расталады.

Жетекші ретінде Анар Сабырбайқызының нағыз ғалымға тән инновациялық көзқарас, коммуникабельдік, жақсы деңгейдегі ұйымдастырушылық қабілет пен мұқияттылық сияқты жеке қасиеттерін атап кеткім келеді. Ол жоспар бойынша зерттеулерін орындағанда түрлі ғылыми орталықтардың жаңа ұжымдарына оңай бейімделіп, заманауи әдістемелерді меңгерді және жақсы нәтижелерге қол жеткізе алды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, А.С.Күзеубаеваның «Қазақстанда өндірілетін ірімшіктердің ішек таяқшаларымен ластануының молекулалық индикация әдісін әзірлеу және тағам қауіпсіздігінің бағалауын модельдеу» тақырыбындағы диссертациясы дербес, толық, қойылатын стандартты талаптарға сай теориялық және практикалық маңызы бар жұмыс болып табылады, ал автор 8D09102 – Мал өнімінің санитариялық экологиялық қауіпсіздігі БББ бойынша PhD дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

14.10.2024

Ғылыми жетекшісі,
в.ғ.к., профессор м.а.



Усенбаева А.Е.
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
А.Е. Усенбаевтың
қолын растаймын:
Ғалым - хатшы *Дерексіз Дерексіз*